

Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифін енгізу мерзімі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 12 ақпан 1994 ж. N 1566. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.12.14. N 2686 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес, экспортқа шығарылатын өнімнің бәсекелік қабілетін арттыру мақсатында және осыған орай жаңа кеден бажын жеделдете енгізу қажеттілігіне байланысты қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 1499 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифі 1994 ж. 21 ақпаннан бастап е н г і з і л с і н .

2. Осы Жарлықтың Заң күші бар және ол жаңадан сайланған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі тиісті Заң қабылдағанға дейін қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тиісті заң актілерінің жобаларын дайындап, оны жағадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізсін.

4. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы. 1994 ж. 12 ақпан

N 1566

